Тексеру нәтижелері бойынша акті

Алматы облысы, Текелі қаласы,
Стадионная көшесі, 41 2021 жылғы «10» ақпан
Актіні толтыру орны

1. Бақылау және қадағалау органының атауы: «Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон Комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті» РММ.

2. Тексеру жүргізуге негіз болған тексеру тағайындау туралы актінің нөмірі мен күні: №21190000001601012/00005, 29.01.2021ж.

3. Тексеруді жүргізген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы:

Тулегенқызы Айгерим - Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау бөлімінің басшысы;

Сүлеймен Мәулен Бағдаулетұлы – Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау бөлімінің бас маманы.

4. Тексеру жүргізу кезінде қатысқан тексеру субъектісінің атауы, жеке және заңды тұлғаның уәкілетті адамының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және оның лауазымы: «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Алма Мухангалиевна Нурмыханова.

Тексеру объектісінің атауы/Тексеру объектісінің орналасқан жері: «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы облысы, Текелі қаласы, Стадионная көшесі, 41.

5. Тексеру жүргізудің мерзімі: 02-10 ақпан 2021жыл.

Тексеру жүргізуге негіз болған тексеру тағайындау туралы актінің нөмірі мен күні: №21190000001601012/00005, 29.01.2021ж.

Тексеру объектісінің атауы: «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі *(әрі қарай-АӘҚК орталығы)*.

Талаптардың тармақтары (Объектілерге қатысты тексеру парағы):

Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын жергілікті атқарушы органдардың/олар уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың, субъектілердің қызметіне қатысты арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бойынша мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағының 1,2,3 тармақтары;

Стационар, жартылай стационар жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынатын субъектілердің (ұйымдардың) қызметіне қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19 тармақтары.

6. Тексеру нәтижелері бойынша мәліметтер, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың мінездемесі (қысқа фабула):

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы «Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» № 165 бұйрығына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар бойынша «Халықты әлеуметтік қорғау саласында стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты» *(әрі қарай-Стандарт)* 1 қосымшасының 12 тармағына сәйкес стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуі кезінде: арнаулы әлеуметтік қызметтердің сапасы мен тиімділігін арттыру, қызмет алушылардың жеке басына қолсұғылмаушылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, қолайлы моральдық-психологиялық жағдай жасауға жәрдемдесу, жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке даму, әлеуметтену және интеграциялану деңгейін арттыруға бағытталған арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету және осы Стандартқа сәйкес сауықтыру және әлеуметтік-оңалту іс-шараларын өткізуге бағытталған қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенін ұсыну арқылы жан-жақты көмек көрсету сақталуы қажет.

АӘҚК орталығында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету барысында ҚР «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 24 бабының және ҚР «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңының 5 бабының талаптары сақталмаған.

№	Анықталған бұзушылықтар тізімі	Бұзушылықтар анықталған тексеру парағының талаптары мен тармақтарының атауы
1	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларын бекіту туралы» № 379 бұйрығының 11 тармағы 3) тармақшасына сәйкес қызмет алушылардың әзірленген жеке жоспарлары толық толтырылмаған. Атап айтқанда, әрбір көрсетілген іс-шара іске асыру мерзімін (апта, ай, тоқсан) қамтиды. Іс-шараны орындау бойынша жұмыстың көрсетілген кезеңі нақты мерзімдер арқылы жеке жоспарда көрсетілмеген.	Стационар, жартылай стационар жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынатын субъектілердің (ұйымдардың) қызметіне қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағының 2 тармағы
2	Стандарттың 26 тармағы 2) тармақшасына сәйкес емдік денешынықтыру, шаштараз, дәрігердің қабылдау кабинеттерінде ерікті нысанда ресімделген паспорт	Стационар, жартылай стационар жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынатын субъектілердің (ұйымдардың) қызметіне қатысты арнаулы әлеуметтік

	толтырылмаған.	қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағының 9 тармағы
3	Стандарттың 27, 28 тармақтарына сәйкес әлеуметтік-медициналық қызмет ұсынудың сапасына қойылатын талаптар сақталмаған. Атап, айтқанда, қызмет алушыларға техникалық көмекші және міндетті гигиеналық құралдарды пайдалануға үйрету ішінара жүргізілмеген.	Стационар, жартылай стационар жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынатын субъектілердің (ұйымдардың) қызметіне қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағының 11 тармағы

7. Тексеру жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолы:
_____Тулегенқызы А. _____ Сүлеймен М.Б. _____

8. Тексеру субъектісінің уәкілетті адамының, сондай-ақ, тексеру барысында қатысқан адамдардың актімен танысуы немесе танысудан бас тарту туралы мәліметтері, қолдары немесе қол қоюдан бас тарту:
_____
_____

9. Тексеру нәтижесі бойынша ескертулер және (немесе) наразылықтар:
_____
_____

Қосымша «___» парақта 2021 жылғы «___» _____
10. Мемлекеттік органның мөрі

Ескерту: Кәсіпкерлік Кодексінің 152-бабының 4-тармағына сәйкес тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша қосымша уақыт және (немесе) қаржы шығындары қажет болған жағдайда, бақылау және қадағалау субъектісі үш жұмыс күнінен кешіктірмей бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен тексеру жүргізген мемлекеттік органға жүгінуге құқылы.

Өтініште бақылау және қадағалау субъектісі бұзушылықтарды жою бойынша қабылданатын шараларды және бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзартудың объективті себептерін баяндауға міндетті.

Тексеру жүргізген мемлекеттік орган өтініште жазылған дәлелдерді ескере отырып, үш жұмыс күні ішінде, бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту немесе уәжді негіздемемен ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.